

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

ӘОЖ 81-116

Ж.Байтелиева¹, Қ.Күдерінова²

¹филология ғылымдарының кандидаты, Назарбаев Университетінің ассистент профессоры, Нұр-Сұлтан, Қазақстан. E-mail: zhbaiteliyeva@nu.edu.kz. ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-8906-5876>

²А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан. E-mail: kuralai.kuderinova@gmail.com

ЖАСТАРДЫҢ МАШЫҚСЫЗ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕРІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(НУ және СДУ студенттерінің сөзіне талдау)

Жас ұрпақтың тілі алдыңғы буынның тілін қайталайды және тілдің жалпы даму заңдылығы бойынша қысқартылады, үнемделеді. Ал басқыншы тілдің шылауында болса, сол тілдердің ықпалына ұшырайды. Көптілділік кеңістігі кеңейіп жатқан бүгінгі әлемде бұл жиі кездесетін құбылысқа айналды. Осыған орай мақалада бүгінгі қазақ жастарының тілі алдыңғы буынның тілін қалай қайталай қолданатынын және жалпы тілдердің даму заңдылығы бойынша қалай қысқартылып, үнемделіп отырғанын, сондай-ақ басқыншы орыс, ағылшын тілдерінің шылауымен қандай оң және теріс өзгерістер, үдерістер жүріп жатқанын зерттеу үшін еліміздің таңдаулы жоғары оқу орындары – Назарбаев университеті мен Сүлейман Демирель университеті студенттерінің машықсыз сөйленген сөздеріне талдау жасалды. Кешенді талдауда студенттердің әлеуметтік мәртебесі, мамандығы, тілдік және білім алған ортасы есепке алына отырып, алдын ала берілген ортақ тақырыпқа қатысты еркін сөйлеу алаңындағы сөздері қарастырылады. Талдау тақырыптың жалпы ашылу мазмұны мен әр сөйлеуші студент сөзінің құрылымын қоса ала отырып жасалады. Және сөз синтаксистік, фонетикалық, морфологиялық тұрғыда талданады.

Кілт сөздер: жастар тілі, шаршы сөз, басқыншы тіл, сөйлеу тілі

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта лингвистика ғылымында тілдердің өзгеруі, оның динамикасы туралы зерттеулерді жиі кездестіре аламыз. Негізі тілдің өзгеру себептері бұрыннан ғалымдардың назарын аударған мәселелердің бірі деуге болады, тек айырмашылық бұл құбылысты қалай қабылдайтындығымызда және оның динамикасындағы оң, теріс өзгерістердің тілге тигізер әсерінің қалай бағалануында. Мұндай өзгерістерді екі үлкен санатқа бөлуге болады. Біріншісі, сыртқы әлеуметтік лингвистикалық факторлар, яғни тіл жүйесінен тыс әлеуметтік факторлар. Екіншісі, ішкі психолінгвистикалық факторлар, яғни тілдің құрылымында және қолданушылардың санасында болатын тілдік және психологиялық факторлар (Jean Aitchison, 2001). Сонымен қатар тілдің өзгеру жылдамдығына әсер ететін де көптеген факторлар бар. Тілдік қауымдастық мүшелерінің көпшілігі елге келіп жатқан жаңалықтарды жоғары бағалап, жақсы қабылдаса, олардың тілінде өзгеріс тезірек жүреді. Ал тілдік қауымдастықтың көп бөлігі өз қоғамында жаңалықты, өзгерісті қаламаса, олардың тілі де баяу өзгереді. Белгілі бір жаңа сөз, сөз тіркесі немесе грамматикалық тұлға тілдік қауымдастыққа неғұрлым көбірек қажет болса немесе осы тілдік бірліктерге тілді

пайдаланушылар тарапынан ден қойылса, мұндай ұғымдар тілге тезірек қабылданады. Зерттеуші Хариет Жозептің тілдегі өзгерісті сөз еткенде ескеретін нәрсе ретінде айтқан «Тіл қолданыста болған кезде ғана біршама өзгеріске ұшырайды» деген ойы (Harriet Joseph Ottenheimer, 2009) қолданушылары біршама көбейген қазақ тілінде болып жатқан оң және теріс үдерістердегі өзгерістерді түсінуге, оған терең үңілуге жетеледі.

Қазақстан Республикасында қазақ тілін ана тілі ретінде қолданатындардың саны еліміз тәуелсіздік алғаннан бері өскені белгілі. Бұған қазақ мектебін, университеттердің қазақ бөлімдерін бітірген түлектер мен оқып жатқан студенттердің, қызмет, жұмыс бабында қазақ тілінде сөйлеушілер мен жазушылардың, БАҚ-та, әсіресе тілдің ауызша түрін қолданатын теле-радио кеңістігіндегі хабар тарату мен оны тыңдаушылар санының артып отырғаны дәлел. Дегенмен сан артқанмен қолданыс сапасы көңіл бөлерлік, назар аударарлық болып отыр. Кейінгі, Z ұрпақты былай қойғанда, қазақ тілінде сөйлеушілердің орта буыны (40-50 жас), ата буынының (60-80 жас) сөйлеу тілі, шаршы сөз, іскери сөздердің сапасы төмендеп кеткені жасырын емес.

Жас ұрпақтың тілі алдыңғы буынның тілін қайталайды және тілдің жалпы даму заңдылығы бойынша қысқартылады, үнемделеді. Ал басқыншы тілдің шылауында болса, сол тілдердің ықпалына ұшырайды, өзгереді. Қазақ тілі ата буын, орта буын және жас буын тұтынуында орыс тілінің ықпалына ұшыраған, өзгерген, күйзелген тіл ретінде, ал жас буынның тұтынуында енді ағылшын тілінің де әсеріне шалдыққан тіл күйін кешіп жатыр. Ағылшын тілінің әсері тек қазақ тіліне ғана емес, дүниежүзі тілдеріне де күшті болып отырғанын ғалымдар, әлеуметтанушылар айтып келеді (David Crystal, 2000).

Осыған орай бүгінгі қазақ жастарының тілі алдыңғы буынның тілін қалай қайталай қолданатынын және жалпы тілдердің даму заңдылығы бойынша қалай қысқартылып, үнемделіп отырғанын, сондай-ақ басқыншы орыс, ағылшын тілдерінің шылауымен қандай оң және теріс өзгерістер, үдерістер жүріп жатқанын зерттеу үшін еліміздің таңдаулы жоғары оқу орындары – Назарбаев университеті мен Сүлейман Демирель университеті студенттерінің машықсыз сөйленген сөздеріне талдау жасалды. Кешенді талдауда студенттердің әлеуметтік мәртебесі, мамандығы, тілдік және білім алған ортасы есепке алына отырып, алдын ала берілген ортақ тақырыпқа қатысты еркін сөйлеу алаңындағы сөздері қарастырылады. Талдау тақырыптың жалпы ашылу мазмұны мен әр сөйлеуші студент сөзінің құрылымын қоса ала отырып жасалады. Және сөз синтаксистік, фонетикалық, морфологиялық тұрғыда талданады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу жұмысының материалы – Назарбаев университеті студенттері арасында және Сүлейман Демирель университеті студенттері арасында онлайн ұйымдастырылған пікірсайыстардың бейнежазбасы. Яғни, студент жастардың ауызша қазақ тілінде сөйлеуіне талдау жасау үшін олардың пікірсайыстары бейнетаспаға жазылды.

Пікірсайыс эпидемиологиялық жағдайға байланысты онлайн форматта өткізілді. Назарбаев Университетінде ұйымдастырылған пікірсайысқа бакалавриат бөлімінің 9 студенті қатысты. Олардың 4-і ұл бала, 5-і қыз бала болды. Бұл – талдау жасауға жеткілікті аудитория. Оқитын мамандықтары – электрлік инженерия, механикалық және аэроғарыштық инженерия, саясаттану және тарих, компьютер ғылымдары, биология, математика. Жастары – 18-21 жас аралығы. 9 студент те қазақ мектебін бітірген және қазақтілді орта – Түркістан облысы Төле би ауданы, Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы, Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы, Қызылорда облысы, Алматы облысы, Қаскелең қаласынан болды, тек 2 студент қала мектебін бітірген.

Пікірсайысты қазақ тілінің пән оқытушысы жүргізді. Пікірсайыс 2 блоктан тұрды және алдын ала шарты айтылды. Бірінші блокта ортақ тақырып ретінде «Қазіргі қазақ тілінде шаршы сөз мәдениетін дамыту қажеттілігі бар ма?» деген сұрау берілді. Сұрау бойынша

студенттер иә // жоқ позициясы бойынша екі топқа бөлініп, 5 минуттан кейін өз дәлелдерін келтіріп, жауап беретін болып келісілді.

Екінші блокта алдын ала алынған сауалнама нәтижесінде анықталған студенттердің ең көп тыңдайтын спикерінің 7 минуттық бейнежазбасы тыңдауға берілді. Сосын «Бұл тұлғаның сөзінен сіздерге не ұнады?», «Бұл тұлғаның сөзінен сіздерге не ұнамады?», «Осы тұлғаның сөзінен сіздің назарыңызға ерекше не ілікті? #» деген нақты сұрақтар талқыланды.

Пікірсайыстың жалпы хронаж 1:16. Бұл – қойылған пікірсайыс сұрауына толыққанды жауап алуға мүмкіндік беретін уақыт.

Келесі пікірсайыс Сүлейман Демирель университеті Қазақ филологиясы мамандығында оқып жүрген 2-курстың 10 студенті арасында өткізілді. Олардың 3-і ұл бала, 7-і қыз бала болды. Жастары – 18-21 жас аралығы. 10 студент те қазақ мектебін бітірген және қазақтілді ортада туып, өскен. Жалпы хронаж: 1:04:35. Бұл топқа да тура алдыңғы тапсырма берілді. Яғни, екі университет студенттерінің пікір сайыстағы талқылау тақырыптары мен тапсырмалары бірдей болды. Пікірсайысты қазақ тілінің пән оқытушысы жүргізді.

ӘДІСТЕР

Зерттеу жұмысын бастамас бұрын алдымен Назарбаев Университетінің этика комитетінен осы пікірсайысты өткізуге және оны бейнетаспаға түсіруге рұқсат алынды (#534/11032022). Этика комитетінің талабына сәйкес, зерттеу тобының барлық мүшесі СІТІ курсынан өтті.

Студент жастардың ауызша сөзіне талдау жасаудағы мақсат – негізінен, көптілді жастар оқитын, Қазақстанның таңдаулы оқу орындары НУ және СДУ студенттерінің шаршы сөз тіліндегі синтаксистік, фонетикалық, морфологиялық құрылым деңгейін анықтау, сөйлеу барысында ойды жеткізуде қолданатын техникаларын айқындау және бүгінгі қазақ жастарының тілі алдыңғы буынның тілін қалай қайталай қолданатынын және жалпы тілдердің даму заңдылығы бойынша қалай қысқартылып, үнемделіп отырғанын, сондай-ақ басқыншы орыс, ағылшын тілдерінің шылауымен қандай оң және теріс өзгерістер, үдерістер жүріп жатқанын зерттеу. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін әлеуметтік лингвистиканың негізгі әдістерінің бірі – тікелей бақылау әдісі қолданылды. Яғни, студенттердің пікірсайысы бейнежазбаға түсірілді. Осы зерттеуден объективті мәліметтер алу үшін пікірсайысты ұйымдастырудың алдын ала мынадай жоспары құрылды:

- Жұмыс мазмұны ойластырылып, оның мақсаты мен негізгі кезеңдері белгіленді. Пікірсайыс екі блоктан тұрды: бірінші алдын ала жіберілген “ Қазіргі қазақ тілінде шаршы сөз мәдениетін дамыту қажеттілігі бар ма?” деген сұрақ бойынша пікірсайыс өткізілді. Ол үшін студенттер екі топқа бөлініп, бірінші топ “Иә, бар” деген пікірді қолдап, оған аргументтер келтірді. Екінші топ «Жоқ, қажет емес» деген пікірді жақтап, оған аргументтер келтірді. Пікірсайыстың екінші бөлігінде қатысатын студенттерге алдын ала жіберілген бейнежазбаны қайта көрсетіп, нақты сұрақтар қою арқылы пікірсайыс жалғасты.
- Әлеуметтік белгілерін есепке ала отырып (жасы, жынысы, туған жері, білімі, мамандығы т.б.) біршама ұқсас типті информанттар таңдалды.
- Қажетті мәліметті алу үшін пікірсайыс өткізетін жағдай жасалынды. Нақты айтқанда, барлық қатысушы белгілі бір тақырыпта ойларын өздері күнделікті пайдаланып жүрген қазақшасымен білдіруі, талқылауға қатысуы сұралды.

НӨТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУЛАР

Екі университет студенттерінің сөзінен ең бірінші байқалғаны – студенттердің пікірсайыс барысында өз ойларын ашық айтуға қысылып кіріскені болды. Екіншісі – бұл тақырыптың тосын болуы және дәл осы уақытта көтерілуі студенттерді таңғалдырған, сонымен бірге ойландырған тәрізді. Осыған орай қалай жауап берсе, «Өзіне» және халқына,

ұлтына зияны тимейтін, қандай жауап дұрыс болар екен деген шығыстық мәдениет өкілі ретінде сақтық, қазақ ұлтының перзенті ретінде құрмет көрсетіле отырып, жауап берілгені байқалды. НУ студентінің мына сөзінен: *«Жо-жоқ. Просто былай да, э, бәріміз ана шаршы сөз мәдениетінің керек екенін білеміз да, ойланып қалдық, не айтамыз деп (күлді). Аңдай бір нақты аргументтер таппадық. Иә-иә»* (ұл бала) бұл анық көрінді. Сонымен бірге «жоқ» деген оппозициядағы студенттердің өздері шындығында мүлде қарсы емес, тек жолдары қарастырылмағандықтан сондай ойда екендіктерін көбірек білдірді.

Талдауда, алдымен, студент-жастардың баяндаған ойының жалпы мәтін тұрғысынан:

- түсінікті болуы;
- сөз мазмұны;
- берілген уақытқа сыйдыра алуы;
- әсерлі болуы;
- жүйелі болуы қарастырылды.

Екінші, студент-жастар тілінің ерекшеліктеріне, оның ішінде тілдеріндегі жағымды, жағымсыз өзгерістерге назар аударылды. Өзгерістер сөйлеушінің әлеуметтік мәртебесіне байланыстыра сипатталды.

Алдымен, талдауды бастамас бұрын, студент-жастардың ауызша шаршы сөзінің қалыптасу, жетілу жолдары қалай жүреді дегенге тоқтала кеткен жөн.

Жас адамның сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауы «МЕН»-інен басталады. Студент-жастың «МЕН»-інің айналасындағы жақын кеңістікке отбасы, туған-туыс, дос-жаран және көрші (тіпті көрші қазіргі қала коммуникациясында курстас, қызметтес, әріптестерден кейінгі орында). Бұл жақын кеңістікті *«таныс орта»* деп атадық. Таныс ортада коммуникация жасаудың тілдік ерекшеліктері тілдік емес жағдаяттарға тығыз байланысты болады. Заттық мәнмәтін, ортақ, таныс жағдаят көп жағдайда сөздің үнемделуіне, эллипсистенуіне жол береді (бір қызығы, бір үйде тұратын отбасы мүшелерінің арасында тілдік коммуникация өте аз болады) (Күдерина К.Б., 2016.). Сондықтан таныс ортада коммуникация жасаудың негізгі ерекшеліктері деп тілдік бірліктердің аз қолданылуын, нормаға сай емес сөйленімдердің көптігін, қысқа тілдесулердің жиілігін атауға болады.

Таныс ортада сөйлеу тілі, ал бейтаныс ортада әдеби тіл қызмет етеді (Күдерина К.Б., 2008). Қазіргі қалалық жердегі коммуникация негізінен бейтарап сөйлеу тілінде көрініс табады. Қала тұрғындарының, студенттердің әр күніндегі 6-8 сағаты оқу орнында, 5 сағаты ғана отбасында өтетінін ойласақ, әдеби тілді ауызша коммуникацияда пайдалану, әсіресе студент топтастары мен қызметкерлердің еншісінде екенін көреміз.

«МЕН»-інен қашықтай бастаған алыс кеңістікті *«таныс-бейтаныс орта»* және *«бейтаныс орта»* деп атадық. Студенттік орта үшін таныс-бейтаныс топтастар, курстастар ортасында, бейтаныс орта – қоғамдық көлік, қоғамдық, мәдени, көпшілік орындар болып табылады. Сонда адам таныс ортада сөйлеу тілін, таныс ортадан қашықтай бастағанда, таныс-бейтаныс ортада бейтарап сөйлеу стилін, бейтаныс ортада әдеби тілді қолдануға мұқтаж болады. Сөйтіп, әдеби тілдің коммуникативтік қызметі адамның бейтаныс ортада «ӨЗ»-ін тіл арқылы таныту мақсатының күшеюімен байланысты болады екен. Өйткені бейтаныс ортада ортақ білім, аялық білім сәйкестігі коммуниканттардың арасында мүлде болмауы мүмкін немесе аздап болуы мүмкін. Сондықтан бейтаныс ортадағы тілдесім, сөз – а) «кітаптағыдай», ауызша әдеби тілде, ә) алдын ала дайындалған; б) жазба тілдің құрылымынан шығарылған жүйеде сөйленеді.

Таныс-бейтаныс ортада *«бейтарап сөйлеу тілін»* қолданамыз. Бейтарап сөйлеу тілі жалпы тілдің, әдеби тілдің базасын құрайды. Бейтарап сөйлеу тілінің белгілері: а) әдеби тілдің лексикалық, грамматикалық бірліктері мен құрылымы сақталған; ә) жергілікті, қарапайым сөйлеу тілінің, өзге тілдің элементтері жоқ; б) тілдің нормасынан шықса да, ауызша тілдің құрылымы нақты көрінетін; в) ауызша аудиторияға бағытталған; г) сөйлеу тілінің үнемдеу, ықшамдау үдерістері көрініс тапқан тіл (Күдерина К., 2010; Сыздық Р., 2014).

Бейтарап сөйлеу стилі көбінесе үлкен ұжым, ұйым мүшелері арасындағы күнделікті қарым-қатынаста, білім беру үдерісінде, жиналыс процестерінде, бейтаныс адамдар арасындағы тілдесуде, іскерлік қатынастарда, оқытушы мен студент, студент пен студент, дәрігер мен науқас, банк қызметкері мен банк клиенттері, қызмет көрсету салаларына шалынған телефон тілдесулерінде қолданылады.

Сөйлеу тілі осы айтылған бейтарап сөйлеу стилінен басқа ауызекі сөйлеу және қарапайым сөйлеу стилінде қолданылады. Ауызекі сөйлеу стилі деп қарабайыр, дөрекі, былапыт сөздер араласпаған, өзге тіл элементтері – варваризмдерді қолдану белгілі бір көлемде әдет болып кеткен, жаргон сөз жоқ, әдеби тіл нормасынан ауытқу айқын көрінетін, диалект сөзі бар өзара жақсы таныс, өздерін бөтен санамайтын ортада қолданылатын стильді атадық. Қарапайым сөйлеу стилі, біздің ойымызша, өзге тілдің сөз саптаулары, тіркестері, грамматикалық тұлғалары есепсіз қолданыла беретін, дөрекі, былапыт сөздер ұшырасатын белгілі бір әлеуметтік шағын ортаның коммуникациясынан табылады. Сонда біз зерттеу нысанымызға алған екі университет студенттерінің пікірсайысы барысында қолданған тілі бұл таптастырудың ішінен *бейтарап сөйлеу тілі* болып отыр. Бейтарап сөйлеу тілі ауызша түрде жүзеге асқан. Ал ауызша тіл дегеніміз уақыт пен кеңістік жағынан мобильді, айтылатын сөзді сол мезетте сол қалпында қайталау мүмкіндігі жоқ тіл. Ауызша тілде ең алдымен, сөз экономиясы болады. Ол:

- коммуниканттардың паралингвистикалық, экстралингвистикалық, супер сегментті тәсілдер қорына: интонация, ым-ишара, тон, жылдамдығы, мимика, затты көрсете алу, имплицитті семантика, фонға ие болуынан;

- конситуация коммуникацияның толық мүшесі болуы, қоғамдық-әлеуметтік мәнмәтіннің болуынан;

- осыған байланысты сөздердің семантикалық байланысының күштілігі, морфологиялық тұлғасыз, шылауларсыз байланыса беруінен;

- аналитизм, инверсияның күштілігінен (Русская разговорная речь. 1983.);

- коммуниканттардың санасында вербалданбайтын жасырын мазмұнның болуынан шығады.

Ауызша тілдің көбіне екі жақты болатыны, яғни коммуниканттардың бір-бірін көріп отыруы, мобильділік, қайта реакция жасау мүмкіндігі оның құрылымына әсер етеді.

Сондықтан бір сарынды баяндау болмайды, сөз тіркестері қарапайым (Амиров Р., 1972), коммуникантқа әсер етуші функциясы динамикалық түрде ашық болады, автокомментатор, сөз қайталау, гезитация (Бубнова Г.И., Гарбовский Н.К., 1991) жиі пайдаланылады. Бір сөйлемде бірнеше рет қайталанған бір сөз интонациясы, тембрі әртүрлі болатындықтан оны тыңдаушы әртүрлі семантикалық бірлік ретінде қабылдайды.

Ауызша тіл ойлауға қарағанда баяу болғанымен, жазба тілге қарағанда тез. Сондықтан ішкі сөйлеу кодына келген ой сол қалпында сыртқа шығады. Сыртқы тіл ойды өзіне кодтап үлгере алмайтындықтан ауызша тіл синтаксистік құрылымға қарағанда логикалық құрылымға көбірек бағынады, себебі ауызша тілде коммуниканттың өз еркіндігі, өз меншігіндегі сөйлеу мәнері, коммуникативтік актіге дайындықсыз кірісіп кетуі бар. Ауызша тілде жаңа сөздер, грамматикалық формалардың жаңа жұмсалымы көп болады (Земская Е.А., Китайгородская М.В., Ширяев Е.Н., 1981).

Қай ұлттың ғылымында болсын филологиялық зерттеулер нысанына ең алдымен әдеби тіл аймағы алынып, зерттеледі. Әдеби тілдің болуы, тұрақтылығы – сол тілдің өміршендігінің басты көрсеткіші болып саналатыны рас. Алайда әдеби тіл сөйлеу тілі арқылы қалыптасқандығы және бүгінгі сипатындағы белсенді үдерістер мен өзгерістер сөйлеу тілі арқылы болып жататыны көп ескеріле бермейді. Шындығында академик Л.В.Щербаның: “Кез келген мәтінді түсіну үшін алдымен оны сөйлеу тіліне аудару керек” (Щерба Л.В., 1957) дегеніндей, сөйлеу тілі, яғни ауызша тіл зерттеу нысанына бірінші алыну керек. Сонда біз студент-жастардың тіліндегі оң және теріс өзгерістерді талдау үшін олардың бейтарап сөйлеу тілін алдық. Жоғарыдағы талдау өлшемдері бойынша алдымен екі университет студенттерінің сөзі жалпы алғанда түсінікті болды дей аламыз. Әсіресе, қыз

балалардың сөздері түсінікті болды. Ұл балалардың сөзінде анықтық, түсініктілік аз болды, мысалы: «Э... Жаңа... Жаңа біреудің ойы болған, осы... бар ғой коуч, мотиватор, ораторларға... ораторлар, олар осы... э... халықты... қолдайды деп... (күлді) ол сондай бір аргумент десе болған. Сол үшін...» немесе «Негізі, апай, осы видеоны мен үшінші рет көріп жатырмын. Ең бірінші рет көрген кезде... мен видеоның тек 10 процентін түсіндім деп ойлаймын. Э...иэ... ұнаған бірақ... Ең ұнаған нәрсесі: әдеби және шешен сөзді біледі (е)кен... Э... Және де, жаңағы, Абайдың айтқан сөздерін ө... өзінше бір... өзінше бір түсіндіргісі келгендей болды. Менің ойымша, осылай. Әдеби және шешендік сөйлей білуі. Иә» деген сияқты аудиториясын ескермей сөйленген сөздер кездесті.

Кез келген сөздің тыңдаушысына жетуі көтерген тақырыбының өзектілігіне және соған сай мазмұны болуына байланысты. Назарбаев университетінде өткен пікірсайыста алғашқы сөз алған студент «Қазақ тілінде шаршы сөз мәдениетін көтерудің қажеттілігі бар ма?» деген сауалға «қажеттілігі бар» деген жауапты айту үшін дәйек қылатын аргумент таба алмады. Оның себебі тақырыптың тосыннан қойылуы, сондай-ақ бұндай тақырыптың болуы мүмкін деген ойы болмағаны деп білеміз. Өйткені қазақ тіліне аударылған назар, әрі Назарбаев университеті сияқты оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін университетте назар аударылу оңай емес екені белгілі. Сондықтан пікірсайыстағы «қажеттілігі бар» деген оппозицияны жақтаушылардың сөзінде сенімсіздік, немқұрайлылық байқалды. Сол себепті де сөзде «қармақ» сөздер болмады, бір сөйлемнен екінші сөйлемге өте алатын «ағын» болмады. Дегенмен студент-жастар сөзінің ата буын, орта буын сөзінен айырмашылығы берілген уақытқа ойын сыйдырып, аяқтай алуы деп бағаладық. Барлық сөз алушылар сөзін 2 минутта немесе 2 минутқа жеткізбей аяқтап отырды. Бұл студент-жастардың сөзі өзіне де әсерлі болмағандықтан уақытын толтырып немесе уақытынан бұрын аяқтағаны деген сөз. Дегенмен бұл қазақ қоғамындағы алдыңғы буынға, қазақ тілде сөз алушыларға үлгі болатын артықшылық, өйткені бүгінгі кез келген ортадағы сөйлеушілер тыңдаушылардың уақытын бағаламай, өзгенің де, өзінің де уақытын ысырап ететін болып барады. Тыңдаушысын ойлап сөйленген сөздің ғана саптауы дұрыс болады. Ал Сүлейман Демирель университетіндегі пікірсайысқа қатысқан студенттердің сөзін тақырыптың өзектілігі мен оған сай мазмұны тұрғысынан талдасақ, НУ студенттерінің сөзінен біраз айырмашылықтар байқалды. Атап айтсақ, тақырыптың өзектілігіне деген көзқарастарын білдіргенде «қажеттілігі бар» деген ойды өте сенімді түрде білдірді. Және аргументтерін келтіргенде тарихи мәнмәтінмен байланыстыру басым болды. Яғни, НУ студенттері қазіргі қоғамдағы практикалық қажеттілік тұрғысынан ғана қараса, СДУ студенттері тарихи факторларды, тарихи сабақтастықты аргумент ретінде қосып отырды. Бұған пікірсайыстағы СДУ студенттерінің барлығы филология мамандығында оқитындығы әсер етті деп есептеуге болады. Тағы бір ерекшелік мұнда кей студенттер өз сөзін 5 минуттан аса уақытта жеткізді, салыстырмалы түрде НУ студенттерінен екі есе көп уақытты алды.

НУ студенттерінің сөз әсерін 5 балдық шкаламен бағаласақ, 2 деген балл қоюға болады. Сөз әсері төмен болды, оның себебі тақырыптың сөйлеуші үшін өзекті болмауынан деп тұжырымдаймыз. Ал СДУ студенттерінің сөз әсерін жоғары бағалауға болады, себебі бұл тақырып оларға жақын және қазақша сөз саптаулары әсерлі болды. Қазақ мектебін бітіріп, ары қарай да жоғары білімді қазақ тілінде алып жатқандықтан қазақша сөз саптауда аса кедергілерді сезбейді. Ал НУ студенттерінде бұл кедергі байқалды. Сонда сөз саптауда қолданыстағы басты тілдің тигізер әсерін негізгі фактор ретінде атауға болады.

Сөз жүйелілігі сөздің басы мен аяқталуы және өрбуінің өзара жымдасуы тұрғысынан бағаланады. Мысалы, НУ-да сөз алған бірінші студенттің «Жарайды, мен бастай берейін. Э-э, біз «ИӘ» деген жауапты қолдаймыз. Яғни қазір қазақ қоғамында шаршысөз мәдениетін дамыту керек. Неге? Себебі, ең бірінші – ол, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге... э-э... өз үлесін қосады, әсіресе жас студенттердің арасында. Э-э, қазір қазақ тілін... э, тіпті, э, сөйлей а-... қазақ тілінде сөйлей алмайтын және сөйлегісі келмейтін адамдар қоғамда өте көп. Э... Қазақтың өзі өзінің тілін бағаламайды, тілім деп... э... құрметтемейді, тіпті ұялатындар да бар. Э... Сондықтан егер біз қазақ тілінің... э... жаңағы... шаршысөзді... дамытсақ, қазақ

тіліндегі шаршысөзді дамытсақ... э-э... оны мүмкін тереңірек зерттеп... э... әрі қарай... э... жастар арасында өзекті ете түссек бұл тақырыпты, ол – бірінші, қазақ тілінің мәртебесін арттырады деп ойлаймыз. Және... э... бұл... э... тіл тазалығын сақтап қалуға көмектесед. Неге? Себебі, ... э... қазақша, қазір, таза сөйлеп, таза өз ойын анық жеткізетін, ... э... қысылмай, еркін түрде сөйлей алатын адамдар өте аз. Сөйлесе де, әрине, орысша араластырады. Оған... э, 70 жыл бойы... э-э, Кеңес Үкіметінің кезіндегі идеология, сол... э... әсер еткен болар. Сондықтан орысшаны көп араластырып сөйлейді... адамдар. Сондықтан бұл әрі тілдің сақталуына, тілдің тазалығын сақтауына көмектеседі. Келесісін... э... ол... бұл өз кезегінде патриотизмнан дамытуын а-... патриотизмнің дамуына алып келеді. Себебі өз тілін біліп, меңгерген, сөйлеген, қазақ тілін жақсы көрген қазақ қана өз... э, ұлт жанашыры болады, өзінің... э... елін дамытуға атсалыса алад. Сонтан бұл жерде... э... сомен қатар, ұлттық идеология жатыр деп ойлаймыз. Кім қосад? (Күлді) Иә? Ааа. Көп екен» деген 227 бірліктен тұратын сөзінде бұл құрылым сақталды деп айта аламыз.

Енді СДУ студенттерінің сөзінен мысал келтірейік: «Жақсы. М... Мына жерде мен мына ойды айтқым келеді(i). Біріншіден, біз қойылған сұрақтан, жалпы тақырыптан ауытқымайық. Өйткені біз нені ескеруіміз керек? М... Біріншіден, «М» мырза мына нәрсені ескерсін: шаршы топта сөйлеу деген, яғни ойды көркем жеткізе алу, бұл – өнердің түрі, иә? Оны барлығымыз мойындаймыз. Енді бұл өнерге ден қою үшін, бұл өнерді меңгеру үшін бала... ол жерде, бірінші, бұл жетік... тілді жетік меңгеріп алуы керек. Яғни, осы жерден қазақ тілінің қазіргі мәселесі келіп шығады(ы). Және... м... біз қазір... э... бірінші сұраққа кетейікші, мысалға, былай деп тұр: «Қазіргі уақытта қазақ тілінде шаршысөз мәдениетін дамытудың қажеттілігі бар ма?» – дейді. Акцентті «қазіргі уақытта» деген нәрсеге қояйық. Қазіргі уақыт. Қазіргі уақытта... э... біздің тіліміз қаншалықты деңгейде, қандай деңгейде? Біз не үшін «қазақ тілі» деген мәселені көтеріп жатырмыз? Өйткені тіл... м... қарапайым тілмен айтқан уақытта... э... әлі жастарымыздың арасында сәнді емес, оны барлығымыз мойындауымыз керек. «Толық... тілді жетік меңгеріп алдық», ... э... «Өте керемет сөйлейміз» дейтін деңгейде емеспіз. Біз әлі тілді дамыту үстіндеміз, яғни біз бірінші этаптан өтпей жатып, біз айдаладағы оныншы этапты айта алмаймыз. Өйткені шаршытопта сөйлеу... Яғни сіз қайда сөйлейсіз? Сіз публикаға сөйлеуіңіз керек қой, ортаға сөйлеуіңіз керек, сіз белгілі бір адамдарға сөйлеуіңіз керек. Яғни сізді тыңдайтын адамдар болуы керек. Шаршытопта сөйлеу. Сөзге мән берейікші. Яғни сізді тыңдайтын адамдар болмаса, бұл өнер де болмайды(ы). Сол үшін бірінші этаптан өтпей жатып, әлі алдағы нәрсеге жүгірмеуіміз керек. Бірінші біздің өзіміздің меңгеруіміз керек, жетік түрде қалыптастыруымыз керек нәрсеміз бар. Қазіргі бірінші өзіміздің проблемамызды шешіп алуымыз керек. Я-... яғни... э... Осы нәрсені ескеруіміз керек. Жалпы осы екі нәрсені айтам(ын) мен: 1) Шаршытопта сөйлеудің өнер екенін ұмытпайық;

және де, 2) Бірінші этаптан өз-... өтпей жатып, келесі этаптың мәселесін қозғамауымыз керек. Әлі... ортамызға сәнді қылмай жатып, тілімізді толық меңгертпей жатып жастарға, біз әзір бұл әңгімені қозғай алмаймыз. Өйткені ол – өнер. Жақсы, апай...». Студент ойын 292 сөзбен жеткізді. Мұнда да сөз жүйелілігі сақталып тұр деуге болады. Яғни, сөзінің басында нені айтқысы келетінімен бастап, ары қарай оны өрбітіп отырды. Соңында ойын қорытындылады.

Жоғарыдағы өлшемдер жалпы сөздің өзін талдау үлгісі болса, енді екі университеттің студент-жастары тілінің ерекшелігі талданады. Бұған алдымен сөздің просодикалық ерекшелігі және фонетикалық ерекшелігі назарға алынады:

- сөз интонациясы;
- сөз екпіні;
- ырғақтық топ;
- синтагма;
- тіл үндестігі;
- ерін үндестігі;
- дауыстылардың айтылымы;
- дауыссыздардың үйлесімі;

- дыбыс реңктері.

Студент сөздерінің просодикалық ерекшелігі ретінде эмоцияны білдіретін интонацияның аздығын атауға болды. Сөз қарқынының жылдамдығын байқауға болады. Қазақ тіліне тән сөз екпіні ата буын, орта буын сөзсаптаманың аса айырмашылығы жоқ. Сөздерін ырғақтық топ пен синтагмаға бөліп сөйлей алады. Оның себебі айтар сөз өз ойының қорытындысы болса, сөйлермен ырғақтық топ пен синтагмаға дұрыс бөле алады. Ал сөз өзгенікі болса, айтар ойдың мазмұнын түсінбей дұрыс бөлу қиын болады. Тағы бір айтатыны – студенттер сөзінде паралингвистикалық құралдардың көп болғандығы.

Фонетикалық ерекшелік бойынша, сөз орфоэпиясы, дауыстылардың үндесімі мен дауыссыздардың үйлесімі, әсіресе, қыздардың тілінде мүлде сақталмағанын көруге болады. Қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық нормасын былай қойғанда, қазіргі қазақ жастарының тілінде ашық дауыстыларды қысаң етіп айту жаппай етек алған сыңайлы. Мысалы, осы пікірсайыста *ниге (неге), сибебі (себебі), сүйлегсі (сөйлегісі), узекті (өзбекті), уте (өте), уруиша (орысша), уз кизегінде (өз кезегінде), ұлт жанашыры (ұлт жанашыры), уткендей (өткендей)* деген ашық буынның қысаң айтылуы, қысаң буынның тым қысаң айтылуы әсіресе қыз балалардың тілінен байқалды. Бұл – орыс тілінің әсері дейін десек, бірыңғай қазақы ортада өскен, күнделікті сөйлеу тілі қазақ тілі деп көрсеткен, қазақ мектебін бітірген жастардың тіліне орыс тілінің әсері бола қоймауы мүмкін. Бірақ, дегенмен де, орыс тілінің жаңғырық әсері болуы мүмкін.

Бұдан өзге дауыссыздардың, әсіресе қатаң, тоғысыңқы, тіл алды <т> фонемасының жіңішке вариациясы <е> дауысты дыбысымен қатар келгенде пайда болғаны байқалды. Мысалы: *т'ерең (терең), у'те (өтө), құрметт'еу (құрметтеу), мект'ентер (мектептер), мәрт'ебе (мәртебе), көт'ереді (көтөрөді)*.

Ерін үндестігі НУ студенттерінің тілінен мүлде естілмеді, СДУ студенттерінің барлығында емес, кейбірінде байқалды. Бұл қазақ тілінен ерін үндестігі бірте-бірте өшіп бара жатыр дегенді білдіреді. Болашақта мүлде болмайтынын болжай алуға болады.

Дауыссыз дыбыстарға қатысты үйлесімнен гөрі дыбыстардың, кейде буынның қысқаруы байқалды: *келед(і), тырысам(ын), ед(і), көтеред(і), қайт(ада)тан, ойлайм(ын), қа(л)ған, ке(л)ген, аша(ал)май, берем(ін)*.

Дж-мен сөйлеуді жергілікті ерекшелік деп таныдық. Бұдан өзге жергілікті ерекшелік байқалмады.

Студент жастардың тіліндегі теріс үдерістердің бірі <ң> фонемасын [н] дыбысы етіп айту жиі, мысалы, *сөздін (сөздің), жана (жаңа), жанағы (жаңағы)*.

Шылаулардың айтылуы морфологиялық ерекшелік болса, оны фонетикалық ерекшелікке қостық, себебі ол алдыңғы өзі шыланған сөзбен үндеспей тұрды. Мысалы, *білеміз да, сөйлейсіз ба, кетем да т.б.*

Сөйленген сөзді талдаудың келесі сатысына синтаксистік талдау алынды. Себебі сөз жарыққа шыққанда тыңдаушысына толыққанды, мазмұнды бір ой болып жетуі үшін просодика мен фонетикалық дыбысталуы және сөйлемдер арқылы ойдың бөлшектене келуі өзара құралуы арқылы жүзеге асады.

Ғалымдардың айтуы бойынша, ауызша сөйленген сөзде 21-55-ке дейін тілдік бірлік болады (Львов М.Р., 2002). Зерттеу нысанына алынған пікірсайыстарда студенттердің сөздері 24-30 сөйлемнен болды.

Синтаксистік ерекшелігі ретінде көптеген сөйлемдер жазба тілдегі сөйлемдер сияқты, дұрыс құрылған, яғни сөйлем мүшелері толық және орында тұрған сөйлемдер болып шықты. Бұл студент жастардың жазба тіл негізінде сөйлейтінін көрсетеді. Мысалы, НУ студентінің сөзін алып қаралық: «Д»... Э-эм... джәне мен. Эм, мен, жеке ойларымды мен айта берейін. Егер... э... менің топ мүшелерім қосам десе, менің сөзімнің аяғында қосса болады. Э, барынша қысқа болуға тырысам(ын). Эм, «Ә»-ге рақмет, өзінің пікірін, өзінің топ мүшесінің... ойын джеткізгені үшін. Жалпы біз ойлаймыз, қазақ тілінде шаршысөздің... э, дамытудың қатты қажеттілігі жоқ дәл қазіргі таңда деп. Себебі... эм... менің ойымша, джәне біздің ойымызша, қазақ тілінде... э... шаршы-... шаршысөзді үйренуге нақты бір методика

жоқ. Яғни... қай тілді алып қарасаңыз да, орысша болсын, ағылшын тілін алсаңыз, мысалы, бізде қазір көп қолданыстағы, онда бір арнайы методика бар, ... э... арнайы... м... орындар бар, ұйымдар бар. Барсаңыз, сізді арнайы бір методикамен үйретеді, және сіз өзіңіздің дикцияңызды қойып шығасыз ол жақтан, тілді... э-, белгілі бір сөздерді үйренесіз, қай сөз осы шаршысөзде дұрыс қойсақ... э... дұрыс халыққа жеткізіледі деген секілді көзбен контакт джасауды үйретеді деген секілді. Яғни ол тілдерде методика қалыптасқан және сіңген десек болады. А(л) қазақ тілінде ол джоқ сияқты. Сондықтан... эм... халықтың көбісі осы жерде өзінің алдына берсе, міндетті түрде басқа екі... орыс тілін, қазақ... ағылшын тілін таңдайды, ... э... қазақ тілін емес. Және де екі... э... екінші ойымыз, ол... э... – бар болған күннің өзінде де, методиканы үйретуге... э... онда көп қаражат және де уақыт кететін секілді. Ұстаздар бар шығар, бірақ өте санаулы, және олар көпке таралмаған... Эм... Сондықтан... кім өзінің қалтасынан артық ақша жұмсағысы келеді(i), көп уақытын жұмсағысы келеді(i), және ол сұраныс жоқ болса. Мысалы, мектептерде арнайы... э, шаршы-... қазақ тілінде шаршысөзді үйрететін қосымша, үйірмелер болса, ... э-эм... м-... мысалы, біздің универлерімізде де соған бір сұраныс болса, онда халықтың арасында ол... халық... э-эм... сұраныс болған жерде әйтеуір бір үйреніп, соңында бір методика да қалыптасуына болатын еді(i). Ал джалпы, негізі, бағанағы «Ә»-нің айтып кеткен ойларына келетін болсақ, ол айтты, бірінші ойы – мәртебені көтереді, қазақ тілін, ... э-э... Иә, ол рас, мәртебесін көтеретін(i), бұған біз қарсы келе алмаймыз. Бірақ... э... біз... менің жеке өзімнің бір байқағаным бар, қазақ тіліндегі шаршысөздің барлығы да бір ғана үндеуде секілді..., тек қана андай... патриотизмдік үндеуді ғана жеткізетін секілді. Тым көп патриотизм болып кетсе, «Біз үйренуіміз керек», «Қазақ тілінің мәртебесін ешкім сөйлемесе өз ешкім көтермесе, кім көтереді(i)?» деп айта беріп, айта беріп, шынымды айтсам мен жалығып кетем да, мен ондай сөздерді тыңдай бергім келмейді. Сондықтан оның орнына... нақты бір... тек қана сөзбен патриоттық үндеуді ғана тастай бермей сөзбен, айта бермей, іске кірісу керек сияқты. Сондықтан... іске кіріспесек... мен үшін қазақ тілінің шаршысөзінің ассоциациясы, ол сол – тек қана көп... патриотизм деген секілді. Э-э... Мысалы, TED Talks деген секілді. Неше түрлі бағана сұрақ... келеді ол. Сондай бір ұйымдар, организациялар джоқ секілді. Мысалы, Toastmasters – ол жерде тек қана ағылшынша. Біздің университетте, мысалы, «Шырақ» пайда болып, құрылды. Эм... мысалы, сол секілді ұйымдардың саны арта берсе, мен ойлайм(ын), күннің бір күнінде, иә, көтеріледі(i), бірақ дәл қазір... эм... онша қатты қажеттілігі джоқ секілді. Мысалы, ... мен үшін... біздің универдегі... мысалы, Toastmasters-тік топқа барған көбірек престиж әкелетін секілді бо(лы)п көрінеді, т-... чем... қайт(а)тан қаза-... орысшасы қосы-... қосып жатырмыз, чем «Шыраққа» барғанда. Осының өзі де джалпы қалыптасып қа(л)ған идеология секілді... Э-эм... Менің тобымда... менің ойымды... нақтырақ жеткізгісі ке(л)ген... э... немесе кей тақырыпты аша (ал)май кетсем, соны ашуға өзін... э-э... орнын, рөлді алғысы келген адам болса, мен орнымды сол кісіге берем(ін). Кім сөйлейді?».

Енді СДУ-дан бір студенттің сөзін алайық: «Сәлеметсіздер ме! Э... Апай, мен қазір видео қоссам, микрофон қаты(п) қалы(п) жатыр да, сол үшін... видеоны қоспай-ақ қойсам болады ма? (Күлді) Э... Негізінде, бүгінгі тақырып әдемі екен. Өйткені ол шаршытоп алдында сөз сөйлеу мәдениеті, ол – қазақта бұрыннан қанға сіңген қасиет қой ол. Э... Енді әрбір қазақтың... екінші... үштің... үштен екі баласы, енді, сөз алдын... э... шаршытоп алдында сөйледі(i) десек, ол қателік емес. Себебі тарихтан біз білеміз, қаншама батыр бабаларымыз бар, ақын-жазушыларымыздың барлығы шешендікке жақын... э... көпшілік алдында қысылмай сөйлей алатын... қабілеті бо(л)ған. Ал қазіргі таңда жастардың көпшілігі ақпараттардың заманында отырса да, ... э... көп сө-... былайша айтқан кезде, ... э... көпшілік алдына шығып, өз ойын еркін білдіріп, ... э... шешендік өнер арқылы өзін көрсетіп жатқан... э... қазіргі таңда жастар... саусақпен санарлық. Оның... э... орнында біз білетін... э... кішкене беделді тұлғалар бар қазір, өзіміз білетін, Бекболат ағамыз секілді. Сол кісілер ғана қалды десек... э... артық етк-... айтқандық емес. Енді осы мәселені шешудің... э... бір ғана жолы осы шаршытоп алдында сөйлеуді дамыту қажет қазіргі таңда. Неге? Біріншіден, ... э... ол баланың өз ойын еркін айтуына... э... ықпалын тигізеді. Қазіргі біздің оқу бағдарламамыздың өзі

критикалық ойлау ғой. Ал баланы критикалық ойлауға итермелейтін нәрсе... ол тек, бала, критикалық ойлап қана қойып, өзінің ішінде сақтап қалмайды ақпаратты, ол керісінше шешендік өнер... шешен сөйлеу арқылы... э... жұртты аузына қаратып сөйлеу арқылы өзінің ойын керемет жеткізуге мүмкіндік алады. Ал бала критикалық ойлағаны бір бөлек, ... э... бірақ шешен сөйлей алмай, жұрт алдында өзінің пікірін еркін жеткізе алмай жатса, онда ол... э... критикалық ойлағанынан ол... аса бір қатты пайдалы бір нәрсе болад(ы) деп айта алмаймын. Себебі... э... адам – өзінің ойының айнасы ғой. Ал ойын сыртқа шығару үшін өзінің ішкі жан дүниесін... э... әдемі көрсету үшін, я(ғ)ни ішіндегі барлық... асылын, барлық қасиетін дұрыс шығару үшін балаға шешен сөйлеу... э... жұрт алдында еркін сөйлеу, және де әдемі сөйлеу, этика, эстетиканы сақтап сөйлеу... э... міндетті болып табылады деп ойлаймыз. Және де осы... э... проблеманы шешудің... Аха... осы... э... жастар арасында, әсіресе қазіргі таңда біз білеміз ғой... э... ақпаратты біз тек... қалай айтсам... э... қысқа қабылдап үйренгендіктен... э... көсіліп сөйлеп... э... өзінің ойын еркін жеткізетін адамдарды қазіргі таңда көпшілік... э... дұрыс қабылдай алмай жатад(ы). Неге? Себебі... э... көп жағдайда... э... ақпараттардың ағымында біз оның барлығын, бір ақпаратты ұзақ уақыт тыңдап, ұзақ уақыт... э... жа-... э... былайша айтқан кезде, қабылдап отыруға уақытымыз болмайды немесе оны ми қабылдамауы мүмкін. Бірақ осы мәселені қазіргі заманға сай етіп... э... шешуге де болады. Өйткені... э... әр... әр түйіннің өзінің бір шешімі бар секілді, бұл... э... мәселенің де шешімі – жастарды... э... біз енді қазір... э... кішкентай бал(а)ларды қол мотол-... моторикасын дамыту үшін жаттығулар жасатып жатырмыз ғой. До... дәл сол секілді, тіл моторикасын да дамыту керек секілді. Я(ғ)ни моторика деген бұл жерде тіл дағдысын қалыптастыру керек. Бала дұрыс сөйлеуді, ... э... жұрт алдында қалай еркін пікір білдіру керек екенін... э... балаға, мүмкін, бала-бақша кезінен бастап үйреткен дұрыс секілді. Өйткені баланың қолына смартфон беріп қана, «Болды, сенің... э... дыбысың шықпаса болды», «Тып-тыныш отырсаң болды» деген нәрсе емес, балаға керісінше сөйлеп үйретіп, «мынау не», «мынау қалай», ... э... «сен өзіңді қалай сезінесің?», «(мы)наны ұста-... ұстап көргенде қалай, ... э... сенде қандай сезімдер пайда болад(ы)?» немесе «сен өзіңнің көңіл-күйіңді қалай сипаттайсың?» деген секілді балаға өзін(ін) ойын еркін жеткізуді... э... кішкентай кезінен бастап үйрету керек. Одан кейін ол мектепке келгеннен кейін өзінің... э... бала-бақшадан алған... э... тәжірибесін мектепте сабақ айтқан кезде де немесе өзінің ойын еркін білдірген кезде де анық байқата алады. Қазіргі таңда біз, енді, қазір практикадан өтіп жатырмыз ғой... -пай... өзіміз... . Осы 9-шы, 10-шы сыныптың оқушыларының өзі, қазіргі таңда, үй жұмысын сұрасаңыз... э... ойларын еркін жеткізе алмайды. Кітапқа қарап немесе... э... бір-екі кідірістер жасап, тіпті... сөйлей алмай қалатын оқушылар да бар. Бұның барлығы неден? Ол – жұрт алдында кө-... публика алдында қорқыныш сөйлеуге деген. Я(ғ)ни... э... шешендік өнерінің қазіргі жастар арасында... э... ақсаңдап тұрғандығы. Енді барлығы... э... Пифаго-... э... енді... э... былай-... былайша айтқан кезде... м... біздің... э... Цицерон секілді, біздің маң... э... Мөңке билеріміз секілді шешен сөйлей алмаса да, бірақ... э... соларға қарай ұмтылыс болуы керек. Өйткені біз сонау... э... ғасырлардан бері сол мәдениетті біз ХХ ғасырдың басына дейін сақтап келдік те, ... э... қандай да бір... э... енді... бір... э... қоғамдық дейміз ба, әлде рухани дейміз ба, әлсіреуімізге байланысты. Со(да)н айырылып қалдық. Енді түбегейлі айырылды деп айта алмаймыз, бірақ... э... ол нәрсенің, енді, бізден алыстап бара жатқанына көп уақыт болған жоқ. Оны қайтару әлі де біздің қолымыздан келед(і). Сол үшін... э... бағанағы айтқан... э... проблематикалық және мәселелерді бірінші орынға қою керек. Балаға... баланы тек қана... мхм... баланы кішкентай кезінен бастап өзінің ойын еркін жеткізуге, керіс-... ол қателессе, оған ұрыспау, ... э... ол қателессе, оны жазаламай, керісінше баланың ойын еркін айтуына... э... және де оған тыңдауды үйретуге және оны тыңдауды үйрену керек».

НУ студенті өз ойын 529 тілдік бірлікпен (сөзбен) жеткізсе, СДУ студенті 685 сөзбен жеткізді. Екі университеттің студенттері де сөзін жазба тіл нормасына сәйкес келетін сөйлемдермен жеткізді. Мәселен, «Ә»-ге рақмет, өзінің пікірін, өзінің топ мүшесінің... ойын жеткізгені үшін. Жалпы біз ойлаймыз, қазақ тілінде шаршысөздің... э, дамытудың қатты қажеттілігі жоқ дәл қазіргі таңда деп» немесе «Ол – қазақта бұрыннан қанға сіңген қасиет

қой ол. Э... Енді әрбір қазақтың... екінші... үштің... үштен екі баласы, енді, сөз алдын... э... шаршытоп алдында сөйлед(і) десек, ол қателік емес» деген бірді-екілі сөйлем болмаса, қалған сөйлемдер жазба тілдің құрмалас сөйлемдеріне ұқсас нормаға сай құрылған болып шықты. Бірақ бір ескеретіні сөйлем дұрыс құрылса да, сөйлем мүшесі ретінде артық құрылымдар бүгінгі жастар тілінде көп екені байқалады. Мысалы: *«Яғни... қай тілді алып қарасаңыз да, орысша болсын, ағылшын тілін алсаңыз, [мысалы, бізде қазір көп қолданыстағы] онда бір арнайы методика бар. Сондықтан... эм... халықтың көбісі [осы жерде өзінің алдына берсе] міндетті түрде басқа [екі]... орыс тілін, [қазақ]... ағылшын тілін таңдайды, ... э... қазақ тілін емес.* Мұндағы тік жақшаға алынған сөздер – сөйлемдегі басы артық қолданыстар.

Жастардың тілін былай қойғанда жасы үлкен, ата буынның, сөзсаптамы төселген орта буынның тілінде басы артық қолданыстардың пайда болуы санадағы ойдың сөзге айналу процесіне байланысты болады. Л.С.Выготскийдің “мысль не воплощается в слове, а совершается в слове” дегені, яғни, ғалым ойды ықшамдалған, тұйықталған әрекет деп таниды. Ойдың тіл арқылы сыртқа шығарылуы “мотив ой ішкі сөйлеу іштен шыққан мазмұнның сыртқы аршылған, айқындалған мағыналар жүйесіне айналуы сыртқы сөйлеу” сатылары арқылы жүзеге асатынын көрсетті. Ал естілген сөзді ұғу синтаксистік құрылым мен лексикалық мағынаға анализ жасау оны ішкі сөйлеуге жинап, орап алу мотив пен мәнін түсіну сатылары арқылы жүреді (Лурия А.Р., 2002). Бұл теорияны нейролингвистикалық бағытта дамытқан А.Р.Лурия ойда адамның айтайын деген тақырыбы белгіленеді, сол тақырып туралы не айту, қалай айту керек деген предикатты мазмұн – ішкі сөйлеуде жүзеге асырылады, ол қысқа, фрагментарлы, аморфты сипатта болады. Бұл тұрғыда ішкі сөйлеу ішкі субъективтік мәнді сыртқы аршылған мағыналар жүйесіне айналдыратын механизм болып табылады дейді (Лурия А.Р., 2002). Ғалым бір ойды түрліше жеткізуге болатыны сыртқы сөйлеу мен ішкі сөйлеудің айырмашылығы екенін көрсетеді, сондықтан ішкі сөйлем – инвариант, сыртқы сөйлеу – вариант болады. Астыңғы грамматикалық құрылым мен ішкі сөйлеу, үстіңгі грамматикалық құрылым мен сыртқы сөйлеу сәйкеседі, астыңғы грамматикалық құрылым адам санасына жақын болғандықтан оны құрастырудың ережесі аз, сондықтан кішкентай бала бұны тез меңгереді дейді. Естілген сөзді ұғынуда 1-саты сөз мағынасын айыру, яғни көпмағыналылықтан нақты мағынаны айыру болып табылады деген; 2) сөйлем жүйесін білу (егер сөз мағынасын шамалап түсініп, ал сөйлем құрылымын білмесе, күңгірт түсінік түрінде қалады); 3) бүкіл хабарды түсіну керек дейді. Мұндағы 1, 2-саты тілдік ережелер аясында жүрсе, соңғысы тілдік ойлау психологиясына барады деген болатын. Бұған қарағанда қазіргі жастардың өзінің ішкі сөйлеуіндегі процестерді басқара, бақылай алмай, барлық ойлау сатысын жарыққа шығара салатыныны белгілі болды. Тік жақшаға алынған сөздер алынып тасталса да, сөйлем мүшелерінің өзара байланысына зияны тимейтіні анықталды.

Біз жоғарыда талдауға қыз балалардың сөзсаптамын алдық. Енді ұл баланың да сөйлеуіне назар аударып көрсек. Сөздің логикалық жағынан жүйелілігі ұлдарда қыз балаға қарағанда жақсырақ болатынына көзіміз жетті. Мысалы, «Иә, мен... э... қоса кетейін деп едім. Иә-иә. Бауыржан дұрыс айтады. Жаңа... э... «Ә»-нің өзі де айтты да, ... э... «Жалпы осындай пат-... осындай... не ед(і)... шаршысөз мәдениетін дамыту арқылы біз халықтың патриотизмін оятамыз», – деп. Бірақ кейбір кезде біз өзіміз байқамай кетеміз, осы шаршысөз мәдениетін қолданып жүрген адамдардан құрбан болып жатқанымызды» деп бастаған сөзінде сөз басы және ойды өрбіту тәсілі де болды.

Ары қарай «Мысалы, ... э... өзіміз білетін Аблязовты айтсақ, ол да... э... шаршысөз мәдениетін дамытқан адам деп алсақ болад(ы), себебі ол күнде тікелей эфирға шығып, өзінің ойын анық, нақты... э... белгілі бір дауысымен жеткізе алатын адам да. И... Және біздің осы қазақ халқымыз... қазақ халқымыздың арасында сол кісіге сенетін адамдарымыз бар да, өте көп. Э... Ол қазіргі таңда халықтың арасында белгілі бір кикілжіндерді тудыруы мүмкін. Біреуі Аблязовты қолдайд(ы), біреуі қолдамайды(ы). Ол патриотизмді емес, керісінше бір... э... халық ішіндегі... э... кикілжіндерді тудырып жатыр. Сондықтан... э... кейбір кезде... Ал

жалпы қарап отырсақ, қазақ халқы қазіргі таңда, менің ойымша, өте сенгіш, әркімге бір сене береді(i). Мысалға, белгілі бір, жаңағы, WhatsApp-тан... э... келіп жатқан сообщенииелерге немесе «(Мы)нандай жағдай бо(лы)п жатыр» десе, барлығына сеніп (ж)атамыз. Мысалға, жақында ғана келген: «Апельсиннан Ақтөбе қаласында адамдар уланып жатыр» – деп, оны да бір әдемі-і немен... голосовой аудиозаписьпен жіберген да. Соған жа(ңа)ғы үлкен кісілер сеніп жатады. Сондықтан да оның өзі осы шаршысөз мәдениетін дамытқан адамдардың бір жасап отырған ойыны ма... Сондықтан да... э-э... жалпы шаршысөз мәдениетіне абай болу керек. Ал халқымыз өзі... э... тыңдаған затына кө-... көбірек сене бергендіктен, қазақ халқында ондай заттар әзірге керек емес деп ойлаймыз. Э... Сонымен қатар... э... тағы да бір жайт, «Ө» тағы да айтты ғой, ... тіл үйренуге үгіттейді(i), мысалға. Яғни, «Қазақ халқында шаршысөз мәдениеті болса, тіл үйренуге үгіттейді» деп айтты. Менің ойымша, тіл үйренуді шаршысөз мәдениетінен бастаған, ол – э... дұрыс еместеу деп ойлаймын. Өйткені ол керісінше, тіл үйренгісі келетін адамның... э... сол тілді үйренуге деген құштарлығын жойып жіберуі мүмкін. Өйткені тіл... шаршысөз мәдениетін дамыту үлкен ... э-э... жаңағы, еңбекті талап етеді ол, дауысты дұрыстау керек, әдемі сөздерді қоса білу керек, ал оны(н) өзі қиындап (0:28:20), тіл үйреніп қиналып жүрген адам ондай заттарды бірге алып жүрсе ол(ның) керісінше тілді үйренгісі келмей қоюы мүмкін» деп тыңдаушының назарын тартып алатын «қармақ сөздер» және бір ойдан екінші ойға жетелеп кеткен сөз ағыны болды. Сөз қармағы: «Аблязов», «сөзге сенгіштік», «шаршысөзді дамытудың қажеті жоқ» деген бірліктері. Дегенмен студенттің сөзінде діттем болғанмен, оны сенімді етіп шығаратын жүйе болған жоқ деп ойлаймыз. Аблязов туралы мысалының қазақ сөзінің шешендігіне қатысты емес еді. Алайда қазіргі жастардың тіліне тән бір ерекшелік бұл жерден де орын алды, яғни бір-біріне байланыспайтын сөйлемдерді **сондықтан, сонымен қатар, өйткені** деген шылаулар арқылы байланыстырып жіберді. Сөзін: «Сондықтан... э... ол да дұрыс емес деп ойлаймыз» деп бір сөйлеммен қайырды.

Фонетикалық ерекшелік ретінде байқалғандар: «ң дыбысын **н** етіп айту: *жана (жаңа)*; буын үндестігін бұзып сөйлеу: *апельсиннан (апельсиннен), тікелей эфирға (эфирге)*; буынды жұту: *мынандай – нандай, болып жатыр – боп жатыр*».

Студент сөзінде *сообщениелерге, да, голосовой аудиозаписьпен* деген орыс тілінен алынған паразит сөздер болды. Орысша ойлап қазақ тіліне аударып сөйлеу: *адамдардан – адамдардың* дегеннің орнына. Хэзитациялардың қазақ тіліне тән **ыыы, ііі** түрінде емес, **эээ, и и и** түрінде болуы ағылшын тілді оқу орнының әсері деп ойлаймыз.

Грамматикалық ерекшелікке **да** шылауының көп қолданылуын аламыз. Ол **ғой, емес не, еді** шылауларының орнына пайдаланылған сыңайлы. Сол сияқты тағы бір қыз баланың сөзіне назар салсақ: «Ал, мен айтып ж(іб)ергім келіп тұр. Менің де, негізі, әр пунктқа... айтатын... өзімнің ойым бар. Бірақ егер де қысқаша айтатын болсам, ... м- мысалы, соңғы пунктқа тоқталғым келіп тұр, «Ж»-тың айтқан. Яғни оның айтуы бойынша, ... э... «Біз тіл үйренуді шаршысөз мәдениетінен бастау керек емеспіз», – деді. Бірақ біздің айтуымыз бойынша, біз тілді одан бастайық деп тұрған жоқпыз. Яғни біз тілді де былай да, яғни грамматика немесе түрлі курстарға бару арқылы үйрене беруімізге болады, әрине, тіл... э... қазақ тілін білмейтіндерге. Дегенмен... э... параллельно дейді ғой... параллельді түрде шаршысөз мәдениетін де дамыт... дамыта беруіміз – бұл өте маңызды... дегіміз келген еді. Яғни неліктен шаршысөз мәдениетін... э... одан әрі дамыта бермеске? Себебі қазіргі уақытта... э... қазақ тілін былай жетік меңгерген, жетік білетін адамдар бар, бірақ... э... именно... яғни орыс сөзді қосып ж(іб)ердім... орысша сөзді, кешірім сұрайм(ын). Бірақ, дегенмен осы именно... э... шаршысөз мәдениетін білмейтін... э... жетік білмейтін адамдар өте көп. Сон(дық)тан да оны дамыту өте маңызды деп ойлайм(ын). Және екінші зат айтып кеткім келіп отыр. Э-эм... Яғни... э... кім айтып еді... А, «Г» айтып еді(i)... э... Ол: «Қазір... э... қазақ тілін дамытатын... э... осындай шаршысөз мәдениетін дамытатын түрлі ұйымдар жоқ», – деді. Яғни неліктен осындай ұйымдарды ашпасақ? Ал тіпті ол көптеген қаражатты қажет етсе де **де**, ... неліктен оны осы медиа арқылы немесе инстаграм арқылы, түрлі әлеуметтік желілер арқылы тегін түрде дамытпасақ? Мен(ін) ойымша, ... э... оны қолға алатын адамдар өте көп,

және оны ары қарай жүзеге асыруға болады. (Үзіліс) Осы, қысқаша, менің ең маңызды екі пунктқа айтарым».

Мұнда бір байқалғаны студент сөзінің алғашқысында жазба тіл нормасымен сөйлем құрап, сөйлем мүшелерін толық жұмсайды. 3-сөйлемнен бастап, ауызша тілдің сөзсаптам нормасы араласа бастайды да, ішкі сөйлеу жарыққа шығып кетеді. Сөйтіп, сөзінде түсініксіздік, қате қолданыстар көбейеді.

Дегенмен, сөзіндегі жүйелілік, нені айтатынын, қай тұсқа назар аударатынын алдымен айтып алуында болды, мысалы, *«соңғы пунктқа тоқталғым келіп тұр, «Ж»-тың айтқан. Яғни оның айтуы бойынша, ... э... «Біз тіл үйренуді шаршысөз мәдениетінен бастау керек емеспіз», – деді. Бірақ біздің айтуымыз бойынша, біз тілді одан бастайық деп тұрған жоқпыз»*. Сөз басы дұрыс басталғанмен, соңына қарай шашыраңқы бола бастады.

Қармақ сөз ретінде: *шаршысөз мәдениетін дамытатын түрлі ұйымдар жоқ» екендігін айтқанын, «Неліктен осындай ұйымдарды ашпасқа? әлеуметтік желілер арқылы тегін түрде дамытпасқа?»* деген әрекетке шақыратын сұраулар тастауы сөзді аз да болса, әсерлі етті.

ТАЛҚЫЛАУ

Сонымен бүгінгі қазақ студент-жастарының тіліне жасалған зерттеу нәтижесінде оң және теріс өзгерістердің, үдерістердің көріністері байқалатыны анықталды.

Бүгінгі қазақ студент-жастарының қазақ тіліне жасалған зерттеу нәтижесінде байқалған оң өзгерістер, үдерістер деп мыналарды атауға болады:

- тақырыптың өзектілігі мен оған сай мазмұнды жүйелі құрай алуы;
 - студенттердің (әсіресе, НУ студенттері) уақытты дұрыс бақылай алуы, өзіне берілген уақытта сөзін аяқтай алуы;
 - сөздің логикалық жағынан жүйелілігін сақтай отырып сөйлеуі;
 - жергілікті ерекшеліктерді беретін сөздерді қолданбауы;
 - синтаксистік ерекшелігі ретінде сөйлемдерді дұрыс құрай алуы.

Және теріс өзгерістер, үдерістер ретінде байқалғандар:

- фонетикалық ерекшелік бойынша, сөз орфоэпиясы, дауыстылардың үндесімі мен дауыссыздардың үйлесімінің сақталмауы;
- ерін үндестігінің сақталмауы;
- <ң> фонемасын [н] дыбысы етіп айтуы;
- сөйлемнің синтаксистік құрылымы дұрыс болса да, сөйлем мүшесі ретінде артық құрылымдардың көп қолданылуы;
- шылаулардың дұрыс қолданылмауы;
- орыс тілінен алынған паразит сөздердің қолданылуы;
- орысша ойлап, қазақ тіліне аударып сөйлеуі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылағанда, қазақ тілінде сөйлеушілер қатары көбейгенімен олар сөйлеп жүрген қазақ тілінің сапасы көңіл қуантарлық жағдайда емес. Зерттеу нысанына алынған студент-жастардың ауызша тілдегі сөздерінде қазіргі таңда оң үдерістерге қарағанда теріс үдерістердің көптігі. Бұның көріністері әсіресе, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік құрылымдар деңгейінде жиі байқалды. Бұған әрине көптеген факторлар әсер етуде. Солардың негізгілері ретінде жастардың бірнеше тілде еркін сөйлеуі, одан басқа қоғамда олар естіп жүрген қазақ тіліндегі қате қолданыстарды жатқызуға болады. Қазіргі таңда тіпті, ән мәтіндері, фильмдер, теле сериалдар қазақ тілінде осындай қате қолданыстармен түсіріліп, көрермендеріне жол тартып жатыр. Оны естіп, көрген жастардың тілінде бұл өзгерістер көрініс беруде. Дегенмен жастардың ауызша тілінде байқалған оң өзгерістерді де атап өту керек. Бұл өзгерістерге әсер етуші факторлар ретінде ағылшын тілі мен жазба тілді алуға болады. Атап айтқанда, уақытқа сыйдырып сөйлеу, ойды логикалық жағынан дұрыс

жеткізу. Сонымен қатар жазбаша тілдің әсерінен сөйлемдерін дұрыс құрастырып сөйлеу үрдісі де анық байқалды. Және орта білімді қазақ тілінде алғанымен, жоғары білімді ағылшын тілінде алып жүрген студент-жастардың қазақша сөйлеуінде байқалған оң өзгерістерді қазақ тілді аудиторияға ұсынуға болады деп ойлаймыз. Мысал ретінде ағылшын тілін меңгерген студенттердің уақытты дұрыс бақылай алуы, өзіне берілген уақытта сөзін аяқтай алуы; сөздің логикалық жағынан жүйелілігін сақтай отырып сөйлеуін алуға болады.

Қорыта келгенде, мақалада алдымен, студент-жастың баяндаған ойының жалпы мәтін тұрғысынан: түсінікті болуы; сөз мазмұны; берілген уақытқа сыйдыра алуы; әсерлі болуы; жүйелі болуы қарастырылды. Екінші, студент-жастар тілінің ерекшеліктеріне, оның ішінде тілдеріндегі жағымды, жағымсыз өзгерістерге талдау жасалынды. Өзгерістер сөйлеушінің әлеуметтік мәртебесіне байланыстырыла сипатталды.

Алғыс айту

Осы зерттеуді жүргізуге мүмкіндік берген Назарбаев Университетіне және пікірсайысқа қатысқан респонденттерге алғыс білдіреміз.

Жоба демеушісі туралы сілтеме (Funder Project Reference): 021220FD4351

Department of Kazakh Language and Turkic Studies, School of Sciences and Humanities, Nazarbayev University, Kabanbay Batyr Ave. 53, Nur-Sultan 010000 Kazakhstan

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Амиров Р., 1972. Особенности синтаксиса казахской разговорной речи. Алма-Ата, 180 с.
- 2 Бубнова Г.И., Гарбовский Н.К., 1991. Письменная и устная коммуникация. Синтаксис и просодия. Москва: МГУ. 272 с.
- 3 Беликов В.И., Крысин Л.П., 2001. Социолингвистика. Москва: Рос. гос. гум. ун-т. 315 с.
- 4 Земская Е.А., Китайгородская М.В., Ширяев Е.Н., 1981. Русская разговорная речь. Общие вопросы. Словообразование, синтаксис. Москва: Наука. 276 с.
- 5 Кудеринова К.Б., 2016. Ауызекі сөйлеу тілін зерттеудің маңызы // БҚМУ Хабаршысы. №4, 202-211бб.
- 6 Кудеринова К.Б., 2008. Қазіргі қазақ әдеби тілінің сипаты // Тілтаным. №2, 25-32 бб.
- 7 Кудеринова К.Б., 2010. Қазіргі ауызша әдеби тілдің өзіндік ерекшеліктері // «Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері» атты Сүлейман Демирель атындағы университет ұйымдастырған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 25-27сәуір, 342-344бб.
- 8 Лурия А.Р., 2002. Письмо и речь. Нейролингвистическая исследования. Москва. 342 с.
- 9 Львов М.Р., 2002. Основы теории речи. Москва. 248 с.
- 10 Русская разговорная речь. Фонетика. Морфология. Лексика. 1983. Москва: Наука. 236 с.
- 11 Сыздық Р., 2014. Ауызша дамыған әдеби тіл. Алматы: Дайк-Пресс. 242б.
- 12 Щерба Л.В., 1957. Избранные работы по русскому языку. Москва. 189 с.
- 13 David Crystal, 2000. Language death. Cambridge: Cambridge University Press. P.208.
- 14 Jean Aitchison, 2001. Language Change: Progress or Decay? 3rd ed. Cambridge University Press
- 15 Harriet Joseph Ottenheimer, 2009. The Anthropology of Language: An Introduction to Linguistic Anthropology, 2nd ed. Wadsworth

REFERENCES

- 1 Amirov R., 1972, Peculiarities of the syntax of Kazakh colloquial speech. Alma-Ata, 180 p.
- 2 Bubnova G.I., Garbovsky N.K. 1991, Written and oral communication. Syntax and prosody. Moscow: Moscow State University, 272 p.

- 3 Belikov V.I., Krysin L.P. 2001, Sociolinguistics. Moscow: Russian State Humanitarian University.
- 4 Zemskaya E.A., Kitaigorodskaya M.V., Shiryaev E.N. 1981, Russian colloquial speech. General questions. Word formation, syntax. Moscow: Nauka, p. 276.
- 5 Kuderinova K.B., 2016, Importance of studying spoken language // Bulletin of BSMU scientific journal, №4, pp. 202-211.
- 6 Kuderinova K.B. 2008, Characteristics of modern Kazakh literary language // "Tiltanym" journal. №2.
- 7 Kuderinova K., 2010, Peculiarities of modern oral literary language // International scientific-theoretical conference "Language, literature and translation problems at the junction of cultures" organized by Suleiman Demirel University. Almaty, pp. 342-344.
- 8 Luria A.R. 2002, Letter and speech. Neurolinguistic research. Moscow, p. 82.
- 9 Lvov M.R. 2002, Basic theory speech. Moscow, 248 p.
- 10 Russian colloquial speech. Phonetics. Morphology. Vocabulary. Gesture, 1983, Moscow: Nauka, 236 p.
- 11 Syzdyk R., 2014, Oral developed literary language. Almaty: Dyke-Press. 242 p.
- 12 Shcherba L.V. 1957, Selected works on the Russian language. Moscow, p. 30.
- 13 David Crystal, 2000. Language death. Cambridge: Cambridge University Press. P.208.
- 14 Jean Aitchison, 2001. Language Change: Progress or Decay? 3rd ed. Cambridge University Press
- 15 Harriet Joseph Ottenheimer, 2009. The Anthropology of Language: An Introduction to Linguistic Anthropology, 2nd ed. Wadsworth.

Материал 15.11.2022 баспаға түсті

Языковые особенности спонтанной речи молодежи

(Анализ речи студентов НУ и СДУ)

Байтелиева Ж.¹, Кудеринова К.²

¹Назарбаев Университета, Нур-Султан, Казахстан, E-mail: zhbaiteliyeva@nu.edu.kz

²Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынова, Алматы, Казахстан. E-mail: kuralai.kuderinova@gmail.com

Язык предыдущего поколения повторяется молодым поколением и может быть сокращен и сохранен в соответствии с законами развития языка. Сам язык может находиться под влиянием определенного доминирующего языка и может находиться в его тени. Сегодня это считается обычным явлением в связи с расширяющимся пространством многоязычия. Согласно этому утверждению, данная работа направлена на изучение разговорного языка современной казахской молодежи. В данной работе также рассматриваются положительные и отрицательные изменения и процессы, которые могут происходить под влиянием доминирующих русского и английского языков, а также анализируются неподготовленные выступления студентов Назарбаев Университета и Университет имени Сулеймана Демиреля.

В комплексном анализе рассматриваются слова студентов из их высказываний на свободной площадке на заранее заданную тему. Также анализируется социальный статус, специальности, языковая и образовательная среда студентов. Согласно анализу, в исследование также включены раскрытие содержания темы и структуры речи студента. Кроме того, исследование охватывает синтаксический, морфологический и фонетический анализ слов.

Ключевые слова: речь молодежи, публичное выступление, доминирующий язык, разговорный язык.

Материал поступил в редакцию журнала 15.11.2022

The language features of unprepared speech of youth (Analysis of impromptu speech of NU and SDU students)

Baytelieva Zh.¹, Kuderinova K.²

¹Nazarbayev University, Nur-Sultan, Kazakhstan, E-mail: zhbaiteliyeva@nu.edu.kz

²Akhmet Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan. E-mail: kuralai.kuderinova@gmail.com

The language of the previous generation is repeated by the younger generation, and it can be reduced and preserved in appliance with the language development laws. The language itself can be under the influence of the definite dominant language and can be kept in its shadow. Today, this is considered as a common phenomenon due to the expanding multilingualism space. According to this statement, this paper aims to study the repetition of the language of modern Kazakh youth from the language of the previous generation and the process of reducing and saving in appliance with the patterns of the general language development. Moreover, this paper also examines positive and negative changes, and processes that can be occurred under the influence of dominant Russian and English languages, and analyses the non-prepared speeches of Nazarbayev University and Suleiman Demirel university students.

In a complex analysis, by the social status, major, language and educational environment of students, words from their statements on a free platform on a predetermined topic are considered. According to the analysis, revealing the content of the topic and the structure of the student's speech are also included into research. Moreover, the study covers syntactic, morphological and phonetic analysis of words.

Key words: speech of youth, public speaking, dominant language, spoken language

Received: 15.11.2022

МҒТАР 16.01.09

Б. Шалабай¹, А.К. Колпенова²

¹ф.ғ.д., профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, 0000-0002- 5289-4507. E-mail: bshalabai@mail.ru

²докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, 0000-0002-7147-1024. E-mail: k.asiya_k@mail.ru

ТІЛШІ-ҒАЛЫМ А. ӘБДІРАХМАНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ МҰРАЛАРЫ

Әр өлкенің біртуар азаматтарын кейінгі ұрпақ біліп өсуі тиіс. Осы идея негізінде Көкше өңірінен шыққан тілші-ғалым Айтым Әбдірахманұлы Әбдірахмановтың ғылыми еңбектерін ғылым сүйер жастарға рухани мұра ретінде таныту арқылы дәстүр жалғастығы мен тарих сабақтастығын жаңғырту өз кезегінде өзекті мәселелердің бірінен саналады.

Мақалада ғалымның қазақ терминологиясының дамуына қосқан үлесі сөз болады, осы саладағы мақалаларына талдау жасау арқылы ана тілінің жанашыры ретіндегі азаматтық тұлғасы дараланады. Лексикологияның бір саласы – топонимикаға қатысты мақалалары тақырып жағынан топтастырылады, монографиялары зерделенеді. А. Әбдірахманұлының қазақ топонимикасын алғаш зерттеген ғалым екендігі тұжырымдалады. Қазақстан жер-су атауларының этимологиясына қатысты пікірлері талданады. Ғалым еңбегіндегі қазақ топонимдері жасалу кезеңдеріне қарай сараланады.